

3

**«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы
9 – сыныбының жылдық өтілген тәрбие жұмысының талдауы**

Оқу жылдың аяғын 5 оқушымен аяқтадық. Оның 3 қыз, 2 ұл бала. Оқу озаты -1, оқу екпіндісі -4. Оқу жылының басында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын ояту мақсатында, сынып ішінде Оқуға құштар бұрыш жасалынды. Және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Ұлттық бұрыш» жасалынды. 2023-2024 оқу жылында жыл бойында сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке, адалдыққа, өз Отанын құрметтеуге, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие құндылықтарының 3 бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 2. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу. 4. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен карауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. Оқу жылында сынып тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары «**ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ**», «**АР-ҰЯТ**», «**ТАЛАП**» жүзеге асырылды. Осы құндылықтарды басшылыққа ала отырып жылдық тәрбие жоспары құрылып жұмыстар атқарылды. Ұлттық мүдде Мақсаты: Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл және Мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін Елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мәдениетті дәріптейтін. Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосатын, қоғам игілігі үшін қызмет ететін, ұлттық мұраға ұқыпты қарайтын. Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болатын. Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеп, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайтын азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу. Осы мақсатқа сәйкес сыныпта «Тіл тазалығы», «Ахмет Байтұрсынов-Ұлт ұстазы», «Құқық басты-міндет», «Елім деп соғар жүрегім», «Рәміздер-мақтанышым», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Ұлыстың қадам басқан ұлы күні», «Терроризм және экстремизм зардаптары», «Вандализм-ұлттық мәселе», тақырыптары бойынша сынып сағаттары өткізілді. 2. Ар-ұят Мақсаты: Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, өзінің отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінетін, ісіне адал болатын, адал еңбекті құрметтейтін, шешім қабылдай білетін және жауапкершілікті сезінетін Отбасының, өз ортасының абыройын асыратын, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болып, мейірімділік танытатын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін ұрпақты тәрбиелеу. Осы мақсатқа сәйкес, 9 сыныбында сынып сағаттары өткізілді. Атап айтар болсақ, «Адалдық -ардың ісі» «Алғыс айту күні», «8-Наурыз», «Ұлт-достығы басты қазынамыз», «7 мамыр-Отан қорғаушылар күні», «Білімім-Отаныма» атты сынып сағаттары өткізілді. 3. Талап Мақсаты: Жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлай білетін, жеке және командамен жұмыс істей білетін, технологиялық және цифрлық дағдыларды білетін, білуге, жаңаны тануға құштар болатын, ақпараттық, ізденімпаз, жасампаз тұлғаларды қалыптастырып, сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Осы жоспарға сәйкес, «Дені саудың жаны сау», «Телефонның зияны мен пайдасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Және осы екі сынып бірігіп, «Буллинг зардаптары» дебат өткізілді. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Ғасыр қасіреті-ЖТҚБ», «Кибербуллингінің зардаптары», «Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану» атты тақырыптарға сынып сағаттары өткізілді. және «Өз ағашыңды ек» акциясы жобасы аясында сынып оқушылары өз ағаштарын отырғызды, көшеттерін отырғызып, оларды қалай баптау керектігі жайлы мәліметтермен таныстырылды. 24- мамыр күні «Білімім Отаныма» атты сынып сағатымен қорытындыланып, «қауіпсіз жаз» ескертпелері бойынша түсіндіру жұмыстарымен жылды қорытындыланды.

Мектеп директоры:

К.Л.Аманов

Сынып жетекшісі:

А.К.Маканова.